



BIG DATA ДАМУЫ

2024 жылы Ақпараттық технологиялар дивизионы (АТД) деректермен жұмыстың мүмкіндіктерін кеңейтіп, Informatica DataGovernance платформасын іске қосты. Бұл құрал бизнес-терминдерді басқару (Ахон), деректерді каталогтау (Enterprise Data Catalog) және деректер сапасын бақылау (Data Quality) модульдерін қамтиды. Олар деректерді жүйелеуге, қателерді анықтауға және олардың дәлдігі мен өзектілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Компания сонымен қатар деректерді коммерцияландыру бағыттарын белсенді дамытуда. Телекоммуникациялық және қаржы ұйымдарымен бірлесе отырып, жеке және заңды тұлғаларды скорингтеу, сатып алу талғамдарын талдау және фискалдық деректер операторлары (ФДО) негізінде аналитикалық қызметтерді әзірлеу жобалары жүзеге асырылуда. Шағын және орта бизнеске нарық пен тұтынушылар туралы аналитикалық ақпарат алуға мүмкіндік беретін шешімдер іске қосылды.

Жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді дамыту маңызды қадам болды. 2024 жылы ақпаратты автоматтандырылған түрде өңдеу үшін чат-боттар, сондай-ақ пайдаланушылардың мінез-құлқын болжауға және оларға жекелендірілген шешімдер ұсынуға мүмкіндік беретін терең талдау модельдері іске қосылды. Сонымен қатар, құжаттардың үлкен көлемін өңдеуді автоматтандыру енгізіліп, бұл компанияларға уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік берді.

2025 жылы «Деректер фабрикасы» платформасын одан әрі дамыту, аналитикалық қызметтерді кеңейту және жасанды интеллект негізіндегі жаңа шешімдерді интеграциялау жоспарланып отыр. Негізгі назар — деректер сапасын және олардың бизнес-процестерде қолданылуын арттыруға бағытталады.

Big Data технологияларын қолдануға негізделген құралдар «Қазақтелекомға» әрбір клиентке жеке көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, сондай-ақ Компания бөлімшелерінің жұмысын жетілдіру үшін пайдаланылады.

«Қазақтелекомда» «Деректер фабрикасы» жұмыс істейді — бұл деректерді жинау, өңдеу, тазарту және түрлендірумен айналысатын мамандандырылған құрылымдық бөлімше. Аталған бөлімше Компанияның бизнес-бөлімшелерін аналитикамен және деректерді практикалық міндеттерді шешу үшін пайдаланумен қамтамасыз етеді.

«Деректер фабрикасы» «Қазақтелекомның» цифрлық трансформациясындағы маңызды рөл атқарады — ол деректермен жұмыс істеу мәдениетінің дамуына және басқарушылық шешімдерді аналитика негізінде қабылдауға қолдау көрсетеді.

Бөлімше сондай-ақ деректер негізінде жаңа өнімдер мен сервистерді жасауға қатысып, қосымша табыстың өсуіне және Компанияның цифрлық қызметтер ұсынатын мультисервис провайдер ретіндегі позициясын нығайтуға ықпал етеді.

«Деректер фабрикасы» жобасы үлкен деректерді басқару технологияларын дамыту және ілгерілетуге қосқан үлесі үшін халықаралық марапаттарға ие болды.



КЛИЕНТТІК ЖОЛДАРДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ

2024 жылы Компания клиенттермен өзара іс-қимылдың цифрлық арналарының дамуын жалғастырды. Заманауи үрдістерге сәйкес, B2B сегментіндегі клиенттердің шамамен 80%-ы өз мәселелерін ismet.kz жеке кабинеті арқылы шешіп, қажетті барлық сервистерге онлайн қол жеткізеді. Клиенттік жолды оңтайландыру — атап айтқанда, деректерді өңдеу орталығы (ДӨО) қызметтерінің құнын есептеуге арналған ыңғайлы калькуляторды енгізу маңызды қадам болды, бұл клиенттерге өз бетімен ең тиімді шешімді таңдауға мүмкіндік берді. Енді

ismet.kz платформасында бірнеше рет басу арқылы бұлттық сервистерге тапсырыс беруге, деректер орталығындағы тірекке жалға алуға немесе Colocation қызметін қосуға болады.

2025 жылы онлайн-платформаны әрі қарай жаңғырту, оның функционалын кеңейту, жаңа аналитикалық құралдарды біріктіру және пайдаланушы интерфейсін жетілдіру жоспарланып отыр. Бұл ИТ қызметтерімен өзара іс-қимылды одан әрі ыңғайлы және тиімді етеді.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАР

2024 жылдың қорытындысы бойынша ДӨО базасындағы қызметтерден түскен табыс 21,5 млрд теңгені құрады, бұл бұлттық және инфрақұрылымдық шешімдерге жоғары сұраныстың бар екенін көрсетеді. Оның ішінде:

- ДӨО және Cloud-тың негізгі қызметтері — 13,9 млрд теңге;
- ДӨО базасындағы цифрлық өнімдер (таңбалау, ОФД, IoT және т.б.) — 7,6 млрд теңге әкелді.

21,5 млрд теңге

2024 жылдың қорытындысы бойынша ДӨО базасындағы қызметтерден түскен табыс

2025 жылы Дивизион ақпараттық технологиялар (ДАТ) алдына келесі маңызды міндеттер қойып отыр: ИТ-инфрақұрылымды жаңғыртудың үшінші кезеңін аяқтау, жасанды интеллект негізіндегі жаңа сервистерді енгізу, B2B және B2C клиенттері үшін омниканалды шешімдерді дамыту, сондай-ақ SAP жүйесін SAP HANA мультимodelьді деректер базасымен интеграциялау. ДАТ Компанияның ақпараттық жүйелерін жетілдіруді және әлемдік стандарттарға сәйкес келетін цифрлық шешімдердің жоғары сенімділігін қамтамасыз етуді жалғастырады.

2024 жылы атқарылған жұмыс Компанияның одан әрі дамуына, тұрақтылығы мен бизнес-процестерінің тиімділігін арттыруға берік негіз қалады.